



Клиент пен оған қызмет көрсететін банктің арасында қолма-қол жасалмайтын төлемдерді жүзеге асыру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі басқармасы 2000 жылғы 25 қараша N 433 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 5 қаңтар N 1352 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 208 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.08.2016 № 208 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол жасалмайтын төлемдерді жүзеге асыруды реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Клиент пен оған қызмет көрсететін банктің арасында қолма-қол жасалмайтын төлемдерді жүзеге асыру ережесі бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енгізілсін.

2. Төлем жүйесі басқармасы (Мұсаев Р.Н.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Клиент пен оған қызмет көрсететін банктің арасында қолма-қол жасалмайтын төлемдерді жүзеге асыру ережесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде осы қаулыны және Клиент пен оған қызмет көрсететін банктің арасында қолма-қол жасалмайтын төлемдерді жүзеге асыру ережесін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.Т. Жанкелдинге жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2000 жылғы 25 қарашадағы
N 433 қаулысымен бекітілген

Клиент пен оған қызмет көрсететін банктің арасында қолма-қол жасалмайтын төлемдерді жүзеге асыру ережесі

1. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 200 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Осы Ереже клиент пен оған қызмет көрсететін банктің арасында қолма-қол жасалмайтын төлемдерді жүзеге асыру тәртібін, сондай-ақ мұндай төлемдерді жүзеге асыру кезінде қолданылатын төлем құжатын ресімдеу тәртібін белгілейді.

Ескерту: 1-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001.07.13 N 283 б ұ й р ы ғ ы м е н .

2. Алынып тасталынды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001.07.13 N 283 б ұ й р ы ғ ы м е н .

3. Осы Ережеде «Ақша төлемі мен аударымы туралы» 1998 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңында және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1155 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының «Төлем тапсырмаларды, төлемдік талап-тапсырмаларды, инкассалық өкімдерді ресімдеу, пайдалану және орындау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» 2000 жылғы 25 сәуірдегі № 179 қаулысында көзделген негізгі ұғымдар пайдаланылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 200 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Клиент пен оған қызмет көрсететін банктің арасында қолма-қол жасалмайтын төлемдер төлем құжаты болып табылатын төлем ордері негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту: 4-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001.07.13 N 283 бұйрығымен.

5. Клиент пен оған қызмет көрсететін банктің арасында қолма-қол ақшасыз төлемдерді жүзеге асыру кезінде клиент те, оған қызмет көрсететін банк те төлем ордерін ұсынушы болып табылады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 200 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту: Бұдан әрі мәтін бойынша "төлем құжаттары", "төлем құжаттарын", "төлем құжаты", "төлем құжаттарының", "төлем құжатының", "төлем құжатына",

"төлем құжатын" деген сөздер тиісінше "төлем ордерлері", "төлем ордерін", "төлем ордері", "төлем ордерінің", "төлем ордеріне", "төлем ордерін" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001.07.13 N 283 бұйрығымен.

2. Клиент пен оған қызмет көрсететін банктің арасында қолма-қол ақшасыз төлемдерді жүзеге асыру кезінде қолданылатын төлем ордерін ресімдеу тәртібіне қойылатын жалпы талаптар

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 200 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Осы Ереженің Қосымшасына сәйкес нысан бойынша төлем ордері клиенттің банктік есепшотына қызмет көрсету, клиенттің салымы (депозиті) бойынша сыйақы есептеу кезінде, басқа жағдайларда, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық кесімдерінде және/немесе клиент пен оған қызмет көрсететін банктің арасында жасалған шартта тікелей көзделген қолма-қол жасалмайтын төлемдерді жүзеге асыру кезінде пайдаланылады."

Банкке осы Ережеде көзделген нысаннан басқа төлем ордерінің өзге нысанын пайдалануға рұқсат етіледі.

Ескерту: 6-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001.07.13 N 283 бұйрығымен.

7. Банк қолданылатын төлем ордерінің өзге нысанында мынадай деректемелер қамтылады:

- 1) «Төлем ордері» атауы;
- 2) төлем ордерінің номері, жазылған күні, айы, жылы.
Күні санмен, айы – жазумен, жылы - санмен көрсетіледі. Компьютер техникасын пайдалана отырып ресімделетін төлем ордерлерінде айды санмен белгілеп көрсетуге рұқсат беріледі;
- 3) клиенттің банктік шотына қызмет көрсететін банктің атауы (атауының жанына оның фирмалық белгісін қоюға рұқсат етіледі), оның банктік сәйкестендіру коды;
- 4) клиенттің атауы, оның жеке сәйкестендіру коды;
- 5) төлем бастамашысының уәкілетті тұлғаларының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) және қолы және оның мөрі (ол болған кезде) мен мөртабандарының бедері (ол болған кезде). Тегі толық көрсетілуге, ал аты мен әкесінің (ол болған кезде) аты - инициалдармен көрсетуге рұқсат беріледі;
- 6) клиенттің және оған қызмет көрсететін банктің жеке сәйкестендіру (бизнес-сәйкестендіру) нөмірі;

7) төлем мақсаты, оның Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1011 тіркелген «Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану және төлемдер бойынша оларға сәйкес мәліметтер ұсыну қағидаларын бекіту туралы» 1999 жылғы 15 қарашадағы № 388 қаулысында белгіленген код б е л г і с і ;

8) цифрмен және жазумен белгіленген төлем сомасы;

9) ақша жөнелтушінің коды (АЖК) және бенефициардың коды (БЕК).

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 200 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.02.2015 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

8. Бастамашысы заңды тұлға-клиент болып табылатын қағаз тасымалдағышта жасалған төлем ордерінде қол қою үлгілері мен мөр бедері бар құжатқа сәйкес клиенттің уәкілетті тұлғаларының қойған қолдары және мөрінің бедері (ол болған кезде) болады.

Бастамашысы жеке тұлға-клиент немесе заңды тұлға құрмай-ақ кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға-клиент болып табылатын қағаз тасымалдағыштағы төлем ордерінде қол қою үлгілері мен мөрдің бедері бар құжатқа сәйкес клиенттің қойған қолы және мөрдің бедері болады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 200 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.02.2015 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

9. Бастамашысы банк болып табылатын қағаз тасымалдағышта жасалған төлем ордеріне қол қою құқығы бар уәкілетті тұлғалардың саны, сондай-ақ мұндай төлем ордеріне мөртаңба немесе мөрдің бедерін (ол болған кезде) қою қажеттілігін банк белгілейді.

Төлем ордерін электронды әдіспен ресімдеуге рұқсат етіледі.

Ескерту: 9-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001.07.13 N 283; өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.02.2015 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

10. Банктің төлем ордеріне клиент туралы қосымша мәліметтерді, сондай-ақ осы төлем ордерін өңдеу үшін банкке қажетті мәліметтерді қосуына рұқсат беріледі.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының

22.10.2014 № 200 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

11. Төлем ордерлері, сондай-ақ оны қайтарып алу немесе орындалуын тоқтата тұру туралы өкімдер клиент пен оған қызмет көрсететін банктің арасындағы шартта және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген әдістермен беріледі.

Ескерту: 11-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001.07.13 N 283 бұйрығымен.

12. Төлем ордерлерін, сондай-ақ оны қайтарып алу немесе орындалуын тоқтата тұру туралы өкімдерді электронды әдіспен беру клиент пен оған қызмет көрсететін банктің арасындағы шартта көзделген рұқсат етілмеген төлемдерден қорғау іс-әрекеттерінің тәртібін сақтау талаптарымен жүзеге асырылады.

Төлем ордерін электронды әдіспен берген кезде егер клиент пен оған қызмет көрсететін банктің арасында жасалған шартта басқаша көзделмеген болса осы төлем ордерін қағазбен қосымша беруді талап етпейді.

Ескерту: 12-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001.07.13 N 283 бұйрығымен.

13. Клиент пен оған қызмет көрсететін банктің арасындағы шартта мұндай мүмкіндік белгіленген болса, төлем ордерінде валюталау күнін көрсетуге рұқсат беріледі.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 200 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

14. Клиент/банк төлем ордерлері жазылғаннан кейін, оны 10 күнтізбелік күн ішінде береді.

Ескерту: 14-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001.07.13 N 283 бұйрығымен.

3. Рұқсат берілген төлем ордері

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 200 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

15. Төлем ордерлерін пайдалана отырып, клиент пен оған қызмет көрсететін банктің арасындағы қолма-қол жасалмайтын төлемдер Қазақстан Республикасының заң талаптарына сәйкес жасалған болса, ол рұқсат берілген төлемдер деп саналады.

16. Төлем ордерлерін қайтарып алу немесе оның орындалуын тоқтата тұру туралы өкім Қазақстан Республикасының заң талаптарына сәйкес берілген болса,

ол рұқсат берілген төлемдер деп саналады.

Ескерту: 16-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001.07.13 N 283 бұйрығымен.

4. Төлем ордерін кері қайтарып алу, оның орындалуын тоқтата тұру

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 200 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

17. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1155 тіркелген, «Төлем тапсырмаларды, төлемдік талап-тапсырмаларды, инкассалық өкімдерді ресімдеу, пайдалану және орындау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» 2000 жылғы 25 сәуірдегі № 179 қаулысына сәйкес ресімделген төлем ордерін қайтарып алу немесе оның орындалуын тоқтата тұру туралы өкімді банкке жіберу арқылы клиенттің төлем ордерін қайтарып алуына немесе тоқтата тұруына рұқсат беріледі.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 200 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

18. Егер өкім Қазақстан Республикасы заңдарының және клиент пен оған қызмет көрсететін банктің арасындағы шарттың талаптарына сәйкес келмесе, банк төлем ордерін қайтарып алу немесе оның орындалуын тоқтата тұру туралы өкімді орындамайды.

19. Банк төлем ордерін қайтарып алу немесе оның орындалуын тоқтата тұру туралы өкімді уақтылы алған кезде, банк қайтарылып алынатын немесе орындалуы тоқтатыла тұратын төлем ордері бойынша төлем жасауды жүзеге асырмайды. Банк осындай төлем ордері негізінде төлемді жүзеге асырған жағдайда, банк клиентке ақшаны қайтарып береді.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 200 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Төлем ордерінің акцепті және оны акцептеуден бас тарту

Ескерту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 200 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

20. Клиент жіберген төлем құжаты мынадай талаптардың бірі болған жағдайда банк акцептеген деп саналады:

1) банк клиенттің банктік есепшотын дебетте және оның бантікесепшоты бойынша оған көшірмесін берсе;

2) банк клиентке акцепт туралы хабарлама жіберсе;

3) клиент банктің төлем ордерін алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде банктің акцепт туралы немесе акцепт беруден бас тартуы туралы хабарламасын алмаса (келісу белгісі бойынша);

4) Қазақстан Республикасының заңдарында және/немесе клиент пен оған қызмет көрсететін банктің арасындағы шартта көзделген басқа да жағдайларда

21. Банк мынадай жағдайларда төлем ордерін акцептеуден бас тартады:

1) клиент төлем жасауға қажетті ақша сомасын қамтамасыз етпеген жағдайда;

2) төлем ордерінің қолдан жасалғандығының белгілері болса, оның ішінде төлем құжаты клиент пен оған қызмет көрсететін банктің арасындағы шартта белгіленген рұқсат етілмеген төлемдерден қорғау іс-әрекеттерінің тәртібін бұзу арқылы берілген жағдайда;

3) клиент төлем ордерін жасау және оны ұсыну тәртібіне осы Ережеде және өзге заңдарда, сондай-ақ клиент пен оған қызмет көрсететін банктің арасындағы шарттың талаптарында белгіленген талаптарды сақтамаған жағдайда;

4) Қазақстан Республикасының заңдарында және (немесе) шарттың талаптарында белгіленген басқа да талаптарды сақтамаған жағдайда.

22. Клиенттің банк жіберген төлем ордерлерін акцептеудің талаптары мен тәртібі клиент пен оған қызмет көрсететін банктің арасындағы шартта көзделеді.

23. Егер банк төлем ордерін орындамаса, ал клиенттің банктік шотында төлем жасау үшін жеткілікті ақша сомасы болса және банк акцепттен бас тарту туралы нұсқауды алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде хабар бермесе, банк клиентке, егер 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде (Ерекше бөлімі) өзгеше белгіленбесе, олардың арасындағы шартта көзделген мөлшерде төлем сомасынан айыппұл төлейді.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 200 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

24. Клиенттің банктік шотынан ақшаны төлем ордерін пайдалана отырып акцептсіз тәртіпте алу клиент пен оған қызмет көрсететін банктің арасындағы клиенттің банктік шотынан акцептеусіз ақшаны алуға келісімі бар шарттың негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 200 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Төлем ордерінің орындалуы

Ескерту. 6-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 200 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

25. Банк клиенттің оған шартқа сәйкес осындай аударымын жүзеге асыру бойынша өкілеттіктер жүктеген кезде осы банкте ашылған клиенттің бір банктік есепшотынан екіншісіне ақша аударды.

26. Клиенттің банктік есепшотын дебеттеу/кредиттеу кезінде банк клиенттің банктік есепшотынан клиент пен оған қызмет көрсететін банктің арасында жасалған шартта белгіленген тәртіппен және мерзімде көшірме беру арқылы оның банктік есепшотынан ақшаның алынуы/есептелуі туралы оған хабарлайды.

Ескерту: 26-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001.07.13 N 283 бұйрығымен.

7-тарау. Қорытынды ережелер

Ескерту. 7-тарау алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 200 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Төраға

К л и е н т п е н о ғ а н қ ы з м е т
к ө р с е т е т і н б а н к т і ң а р а с ы н д а
қ о л м а - қ о л ж а с а л м а й т ы н
т ө л е м д е р д і ж ү з е г е а с ы р у
ережесіне қосымша
Нысан

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.02.2015 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Б а н к к е	к е л і п	т ү с т і
_____ жылғы	«__» _____	сағат _____
(қабылдау күні және уақыты)		

ТӨЛЕМ ОРДЕРІ № _____

_____ ЖЫЛҒЫ «__» _____
(үзінді-көшірменің күні)

А қ ш а ж ө н е л т у ш і

БСК	КОД _____	теңгемен	валютамен
ЖСК			
	КБЕ		

Ж С Н

(а т а у ы) БСК
(Б С Н) ЖСК

Бенефициар _____

(а т а у ы)

ЖСН (БСН) _____

Сомасы жазумен _____

Төлем белгілеу	Төлем белгілеу коды	
(Көрсетілген қызметті, шарттың нөмірі мен күнін және басқа да деректемелерді көрсете отырып)	Валюталау күні	

Б а н к ж ү р г і з і л д і

_____ ЖЫЛҒЫ « _____ » _____

Мөр (бар болса)

У ә к і л е т т і _____ т ұ л ғ а н ы ң _____ т е г і ,
аты, әкесінің аты (бар болса) _____

Қолы _____

Уәкілетті тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты
(бар болса) _____

Мөртабан

Қолы _____